

**ОЧЕРК ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ
(М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)**

Жұмабекова Акерке Дәуренқызы

akerke_zhumabekova.00@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова

Очерк – көркем әдебиет пен публицистикадағы көпқырлы жанр. Бұл жөнінде «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде»: «...көркем очерк шынайы, өмірде болған оқиға мен адам жөніндегі баяндау» делінген де, оның көркемдік ойлау, бейнелеуден пайда болмайтындығын, яғни суреткердің көркемдік бейнеленуінен тыс туатындығын айтылады [1, 223]. Жанр жөніндегі анықтамаларға зер салғанда, очеркті «ол тек очерктік суреттеме (очерковые зарисовки)» деген пікір де болған екен. Ал, шындығында шығармашылық бейнелеу очеркті публицистиканың басқа жанрларының қатарына қояды. Очерк – заман тарихы, өмір шежіресі. Очерктің мақсаты – ақпаратты дәйекті, қызғылықты және байытып беру, алған әсермен бөлісу арқылы оқырманды еліктіру, сергек ойға шақыру.

Қаламгер М.Әуезовтің очерктері оның қаламгерлік қайратын әйгіледі. Очерк қаламгерлердің белсенді түрде жүгінген жанры. Оның себебі жазушы өз ортасын, қоғамның маңызды қырларын қалам мәнеріне өзек еткенде, болмыстағы неғұрлым мәнді, сипаты терең мәселелерді көпшілікке ұсынады. Осы кезде қаламгерлік ізденіс, деректер мен айғақтарды жинау, оларды сұрыптап, жүйелеу, шығармасына негіз болатын оқиғалар мен кейіпкерлерді іріктеу үдерісі басталады. Өмірде болған, болып жатқан оқиғаны тура, шынайы, деректілік тұрғыда беруімен публицистикалық шығармалар халықтың таным-көзқарасына қозғау салды.

М.Әуезовтің өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазған мақалалары қоғамдық-саяси өмірдің, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын, мәдени-рухани дүниелерді қозғауымен ерекшеленеді. М.Әуезов очерктерінің көркемдігі оның алғашқы мақалаларының рухани дүниелерге, қоғамдағы интеллектілік бағытқа арналғаны да себеп сияқты. Өйткені, очерктік шығармалар жанраралық түрді иеленетін болса, қаламгердің очерктік шығармаларының тақырыбы, идеясы, кейіпкерлері мен оқиғалар жүйесінің көркемдік сипаты мол. Очеркте автор өмірде болған оқиғаларды негізге ала отырып, өзінің басынан кешкен оқиғалары мен құбылыстарын нақтылы дерек, фактілерге жүгіне отырып дәйектейтіні белгілі.

Очерк – деректі жанр. Осы деректілік сипат қаламгер М.Әуезовтің көркем шығармаларымен де астасып жатты. Қаламгер қазақ сахарасындағы жағдаяттарды, қыр суреттерімен байланыстырады. Академик З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде очеркті шағын көлемді эпикалық түрге жатқызған. «Очерк - шағын эпостың әңгімеге жақын бір түрі. Бұл да қысқа көлемді көркем шығарма. Мұнда да үлкен шындықтың кішкене бір бөлшегі, адам өмірінің шағын эпизоды нәрлі тілмен, әрлі суреттер арқылы шебер, тартымды бейнеленуге тиіс. Алайда очерктің әңгімеден бірнеше өзгешелігі бар. Ең бастысы: очеркте суреттелетін шындық – ойдан шығарылған нәрсе емес, өмірде болған не бар ақиқат; очерктің қаһарманы – ойдан

жасалған бейне емес, өмірде болған не бар адам. Содан соң, очерк өткен шақтың көне шындығынан емес, осы шақтың жаңа шындығынан ғана туады. Бұл ретте, очерк — өз кезінің үні, жаңаның жаршысы» [2, 49].

М.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағына жазушының көптеген очерктері, жолжазбалары мен күнделіктері қамтылған. Атап айтқанда, 8, 10, 11, 18, 19, 20, 34, 36, 38, 40, 45, 48 томдарына публицистикалық жанрдағы шығармалары енген. 8-томының «Очерктер, әңгімелер» бөлімінде жазушының «Жолдан. Жуалы колхозшысы», «Көктемнен бері», «Сөз алған тау сағыз бен көк сағыз», «Біз аткөшнекіміз», «Істер сөйлейді», «Қарғалы» совхозында өткізген төрт күн» секілді очерктерін кездестіре аламыз.

«Жолдан. Жуалы колхозшысы» очеркі Шұқырбұлақ колхозында болған оқиғаларды баян етеді. Очеркте Шұқырбұлақ жайлы автор: «Шұқырбұлақ – Жуалыдағы қазақ колхозының алды», - дейді. Мәмет, Ырысбек, Қалдыбай, Сапар есімді кейіпкерлердің есімдері аталады. Бұл очеркте съезд, мал ұрлығы, көктемдегі егіс, астық жинау науқаны, астық салығы, рушылдық, білімсіздік, «Шорай ислам», дін қараңғылығы секілді тақырыптар қозғалады. «Шорай исламға» 23 жылы болғаны жөнінде, онда мұсылман баласының дінін тексеретіні, нағыз білмегенді дарға асатыны жөнінде айтылады. Жалпы, М.Әуезов Оңтүстік Қазақстан халқының өмірін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін көзбе-көз көріп, тану мақсатында Жамбыл облысына қарасты Жуалы ауданын 1933 жылы аралаған. Жазушының «Жуалы колхозшысы» очеркі «Социалды Қазақстан» газетіне енсе, оңтүстік өңірге сапары кейін «Өскен өркен» романының арқауы болды. Романдағы басты мәселе – өңірдің жер жағдайы, шаруашылығы, халқының болмысы, ескілікті салт-дәстүрдің сақталуы, рушылдықтың орын алуы, азулы, дәулетті адамдардың әлсіздерге жасаған ықпалды күші. Жоғарыда аталған «Жолдан. Жуалы колхозшысы» очеркінде де оңтүстік өңірдің тұтас болмысы суреттеледі. Публицист М.Әуезов пен прозашы М.Әуезовтің көзқарас, танымындағы ортақ түйіндер екі шығармаға да арқау болған.

Публицистикалық жанрдың ерекшелігі оған негіз болатын сюжет, оқиға желісі, адамдар тағдыры кейде күтпеген жерден кездесіп, шығармаға арқау болып жатады. Бұл жағдаят көбінесе жолсапар очерктеріне тән. «Біз аткөшнекіміз» очеркі жолсапар очеркіне жатады. Автор 1933 жылы Түлкібас пен Жуалы аудандарына сапар шегіп, танысып қайтады. Автор сол жылдары осы очеркті жазған. «Істері сөйлейді» очеркі «Социалды Қазақстан» газетінің 1933 жылы 3 санына жарияланған. Онда Науменко, Ақпай секілді кейіпкерлердің аты аталады. Егін, егістік, мал, оқу жағдайы қозғалады. Бұл очерк – Оңтүстік Қазақстанға барған сапарындағы очерктерінің ең соңғысы. Осы шығармаларды талдау барысында жасаған түйініміз – автордың тізбекті (циклді) тақырыптағы очерктері бірін-бірі толықтырып, үндес мәселелерді қозғайды. Олардың тақырыбы мен идеясы, оқиғасы мен кейіпкерлері үнемі оқырманның көз алдына таныс, қабылдауға жақын сюжетті ұсынып отырады. Шығармалардың осы сипаты М.Әуезов қаламына тән ұшқырлық пен ойлылықты, нанымдылық пен көркемдік қасиеттерді кезегімен танытып отырады.

Мәселен, «Қарғалы совхозында өткізген төрт күн» очеркі «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 30 қарашадағы санында жарияланған. Бұл очеркте шопан қауымының бейнелерін, характерлерін айқындайды: «Мырзабайдың өз отарымен күм ішінде 5-6 күн адасып кетіп, бар болғаны 1 қойды өлтіріп алғаны үшін балаша жылағаны – жас қойшының намысшыл, еңбеккер екендігін көрсетеді». Кейіпкердің бұл қасиеті дала адамының мінезіне тән ашықтық пен адалдықты, өз кәсібіне деген үлкен жауапкершілікті аңғартады. Бұл очеркте Жексембай, Ақымбай, Қалтабай, Нұрбай, Қасымбек, Захаренко, Рақманқұл, Мәжит, Мырзабай секілді кейіпкерлер аталады. Сол кездегі совхоздың міндеті жүні асыл, еті мол қой (еділбай қойы) өсіру. Очерктің соңында автор мынадай түйін жасайды: «...Көңілмен бүгінгі әдебиетіміздің беттерін кезіп, Қасымбек, Ақымбайлардың қатарына қоятын тұлғалар іздедім. Ол жоқтың қасы. Әдебиеттің өмірді жетелегендей боп алда жүретіні қайда ...». Автордың бұл түйіні адам

болмысының жасампаздығын танытып тұр. 18-томның «Мақалалар, зерттеулер, очерктер» бөлімінде жазушының «Оның аты екінші» очеркі енген. Бұл очерк 1940 жылы мерзімді баспасөз беттерінде басылған. Бұл жолсапар очеркі сол жылдары жалпы ұзындығы 806 шақырымға созылатын Шығыс тас жолын салушылар еңбегін баяндайды. 39 беттен тұратын деректі очерк сол кездегі Семей облыстық «Екпінді» газетінің үш санына шыққан. Алайда, бұл очерк автордың көзі тірісінде жарық көрген ешбір жинақтарына енбей қалған. Тек жазушы дүниесі салғаннан кейін шығарылған 12 томдық шығармалар жинағынан орын алған.

М.Әуезовтің публициске тән қасиеті очерктерінің сюжет желісінен байқалады. Мәселен, бірде сайын даланы қызу еңбекке бөлеген шопанды суреттесе, бірде өндірістің дүбірлі қарқынын айғақтайтын зауыт-фабриканы бейнелейді. «Конвейерде күй мығым» очеркінде өндіріс процесін суреттеуге құрылған. Автор Қарағанды шахтерлерінің еңбек қимылын бейнелі сөзбен бедерлеп, техника тетігінің өзіне жан бітіре суреттейді. Бұл очерк бар болғаны 4 беттен тұрады. Алайда, көтерген тақырыбының жүгі салмақты. Автор очеркті «Қарағанды қазір қандай?» деп сұрар болса, қалың Қарағандыны айтпай тұрып, жалғыз ғана сол 20-шахтаның бірінші шығыс лавасындағы бір ғана конвейер күйін айтар ең», - деп бастайды. Өндіріс тақырыбы болғандықтан, очеркте техникаға байланысты терминдер өте көп кездеседі, әрі оларды автор өте орынды қолданады. Мысалы: лава, шахта, конвейер, рештак, запал және т.б. Еңбек жұмысының осындай қызу қарқынын автор: «Міне, бүгінгі Қарағанды осындай құрсаулы бір батпан күш. Қарағанды рештағы ырза қылар ырғағынан айнымайды. Конвейерде күй мығым», - деп бағалап, очеркті қорытындылайды [3, 73-б.]. Бұл очерк жазыла салысымен 1941 жылы 16 шілдеде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған. «Индия очерктері» - жазушының 1955 жылы Үндістанға барған сапары туралы шығармасы. М.Әуезовтің бұл очеркі 50-жылдардағы қазақ публицистикасындағы алғашқы сапарнамалардың бірі болды. Очерктің «Діндар қала Бенаресте», «Ескі Үндістанның ескі мұра мерзімдері», «Соңғы жаңалықтар», «Қайтыс сапар», «Мүшәйра» сияқты жекелеген тараулары 1956 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Автор кейін бұл тарауларды толықтырып, 1958 жылы «Үндістан очерктері» деген атпен жеке кітап етіп, жарыққа шығарған. Автор очерк барысында оқырманға Үндістанның тұрмысы мен тіршілігі, мәдениеті мен салт-санасын жеткізуге тырысады. «Тәжмахал» тек аппақ мрамордан ғана салынған. Іші ою нақыштармен көп безендірілген, тас кестелі кейбір әсем бөлімдерін безендіруге ақ мрамордан басқа 18 түрлі тастар қолданылған. «Тәжмахал» дүниежүзіндегі адам қолымен тұрғызылған жеті ғажайып сәулет ескерткішінің біреуі саналады», - деп автор ғажайып сәулет құрылысын оқырманға таныстырып, сол жөнінде түсінік қалыптастырады. Үндістан – өзіндік келбеті, дәстүрі, тіршілігі қалыптасқан ел. Мұндағы жергілікті халықтың ғұрыпқа беріктігі, тұрмыс-тіршіліктің ауыртпалығына шыдамдылығы, әр түрлі бұйымдар жасап, қолөнерді дамытуы қызғылықты баяндалады. Сапарнама очерктерінің тақырыбы, сюжет құрылымы, кейіпкерлері өзінше өрнектеледі. Кейде бір күннен екінші күн қызықтырақ болып, бір оқиғадан екіншісі өрбіп жатса, кейде оқиға да, кейіпкер де мүлде жаңа арнаға бұрылып кетеді. Осының өзі жолжазба жанрының ерекшелігін аңдатады.

Жазушының келесі бір «Индия күнделіктері» очеркі де осы Үндістанға сапарынан туған. Бұл очерк 126 беттен тұрады. «Индия күнделіктері» очеркі аты айтып тұрғандай күнделік ретінде жазылған. Ең бірінші оқиға 28 қаңтар күні кешкі сағат 6-да Индия-Кеңес достық қоғамы мәжілісінде болғанынан басталады. Ең соңғы оқиға 5 наурыз күні Стокгольммен аяқталады. Автор бұл күнделігінде күнде немесе күн ара болған оқиғаларды жазып отырған, тіпті, нақты уақытына дейін көрсетілген. Бұл күнделікте көптеген адамдардың есімдері аталған. Сол арқылы күнделік жанрының шарттары сақталған.

Очерк тілі – бейнелі, айшықты, жатық, қарапайым, қалың көпшілікке түсінікті болуы шарт. Қаламгердің «Түркістан солай туған» очеркі адамды ерекше күйге бөлейді. Көз алдына жаратылыстың көрінісі: бүкіл сай-саласы, тау-тасы, жұпар иісті ауасы, мөлдір бұлақтарының

«зәм-зәм сулары», түрлі өсімдіктері мен қыс болса айналаны тегіс басатын қары мен бораны бәрі-бәрі елестейді. Мысалы: «Тағы біразда қардан мүлде арылған бозғыл көделі күнес қыран да, кей беткейде қыр құстары да көріне бастады. Ғажап қызық мінезі бар көкшіл сарғыш дәу дуадақтар кезікті. Шұрылдап ұшатын қара бауыр бұлдырық та келді. Әсіресе қызық құстар: безгелдек пен ұзын сирақ, бадырақ көз тарғақтар. Осы құстардың көп тракторшыларға бұрын мүлде мәлім болмаған мінез-дағдылары ерекше көрінеді» [4, 345]. «Әуезов пейзажы – бай палитраның түрлі-түсті бояуларымен келістіре салынған сурет қана емес, шынында да құдды жанды адам: дем алады, қозғалады, жадырайды, күледі, жылайды – дәл адамша әрекет етеді», - деген академик З.Қабдоловтың тұжырымы осындай туындаса керек [2, 38]. Очерктің бір ерекшелігі – өмір құбылыстарына дереу араласып, оларды бұрын көруге, бұрын көрсетуге тырысады. Көркем әдебиет қазіргі қоғамның, гуманитарлық сипаттың қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Ол халықтың көркем, эстетикалық жадын, ізгілік құндылықтарын жеткізеді. Әдебиет арқылы ұлттың санасында рухани таным орнығады. Әдебиеттің күнделікті адам өміріне, болмысына жақын болуына публицистиканың ықпалы мол. Мол шығармашылық иесі М.Әуезовтің әдеби-көркем шығармасы әлі де терең, жан-жақты зерттеу нысаны бола беруінің бір себебі де осы. Кемел қаламгердің жазушылық даралығы көлемді туындыларымен бірге, публицистикалық жанрадағы шығармаларымен де дәлелденді. Себебі, очерк қалам иесінен ұлтының тұлғасы, жанашыры, қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың бағдаршысы болуды қажет етеді. Осы ретте, М.Әуезов публицистикасы оның шығармашылығының деректілік пен көркемдікті, шынайылық пен тілдік-стильдік сипатты бойына жиған бір саласы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 360 бет
3. Әуезов М. Он екі томдық шығармалар жинағы. 1-12 том. – Алматы: Жазушы, 1961-1962.
4. М.Әуезов шығармаларының елу томдық жинағы. 32 том. – Алматы: Дәуір, 2015. – 347 б.